

Атембеков Н.Р., аға оқытушы,
Қожамжаров Е.Н., аға оқытушы,
Нуркеев Р.Ж., аға оқытушы,
Біраяқ Ж.Б., аға оқытушы
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ДӘСТҮРЛЕРІ ЖАСТАРДЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аннотация: Мақалада қазақ халқының жауынгерлік дәстүрлерінің өскелең ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеудегі мәні мен мазмұны толық ашылады және осы институттың негізгі ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеудің жалпы және арнайы әдістерін қолдана отырып, теориялық және эмпирикалық материалдарды талдау және жаппылау жүзеге асырылады. Зерттеу нәтижесі жауынгерлік дәстүрлерді дәріптеу арқылы жастарда жоғары моральдық-еріктікті, психологиялық және физикалық қасиеттерін қалыптастыратын әскери-патриоттық тәрбиені дамуыту үрдістерін анықтау және Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың үлгі боларлық мінездерін қалыптастыру болып табылады. Зерттеудің мақсаты жауынгерлік дәстүрлерге зерттеу жүргізе отырып, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің ерекшеліктерін, негізгі қағидалары мен функцияларын анықтау болып табылады. Зерттеудің жалпы және арнайы әдістерінің көмегімен, тарихи материалды талдау және қорыту, осы институттың дамуының негізгі заңдылықтарын анықтау мақсатында әскери-патриоттық тәрбие берудің маңыздылығын ашу жүзеге асырылды. Мақалада әртүрлі зерттеушілердің ғылыми еңбектеріндегі осы мәселеге қатысты көзқарастары мен идеялары зерттелінді.

Кілт сөздер: жауынгерлік дәстүр, әскери-патриоттық тәрбие, жауынгерлік дәстүрлерді дамыту функциясы, жауынгерлік дәстүрлерінің тәрбиелік функциясы, жауынгерлік дәстүрлердің реттеуші функциясы, жауынгерлік дәстүрлердің идеологиялық функциясы.

Atembekov N.K., senior lecturer
Kozhamzharov E. N., senior lecturer
Nurkeev R.Zh., senior lecturer
Birayak Zh. B., senior lecturer.
Karaganda Buketov University, Karaganda

MILITARY TRADITIONS OF THE KAZAKH PEOPLE AS A MEANS OF MILITARY-PATRIOTIC EDUCATION OF YOUNG PEOPLE

Annotation: the article fully reveals the essence and content of the combat traditions of the Kazakh people in the military-patriotic education of the younger generation and considers the main features of this institute. Analysis and generalization of theoretical and empirical material is carried out using general and special research methods. The result of the study is the identification of trends in the development of military-patriotic education, which forms high moral, volitional, psychological and physical qualities in young people through the promotion of combat traditions and preparation for the defense of the Fatherland, the formation of exemplary character of young citizens. The purpose of the study is to identify the peculiarities, basic principles and functions of military-patriotic education of young people, conducting a study of combat traditions. With the help of general and Special Research Methods, in order to analyze and generalize historical material, to identify the main patterns of development of this institution, the disclosure of the importance of military-patriotic education was carried out. The article examined the views and ideas of various researchers on this issue in their scientific works.

Keywords: combat tradition, military-patriotic education, the function of the development of combat traditions, the educational function of combat traditions, the regulatory function of combat traditions, the ideological function of combat traditions

Кез-келген мемлекеттің өмір сүруінің маңызды шарты - ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алатын берік, тұрақты азаматтық қоғамды қалыптастыру болып табылады. Сондықтан, өскелең ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу, оны жүзеге асырудың кез-келген саласындағы мемлекеттік саясаттың аса маңызды және басым мақсаттарының бірі ретінде қазіргі заманғы қоғамды дамытудың объективті қажеттілігі мен тиісті шарты болып көрінеді. Әскерге шақыру алдындағы және әскерге шақыру жасындағы жастардың едәуір бөлігі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында қызмет етуге психикалық, дене шынықтыру және функционалдық даярлықтың талаптарын қанағаттандырмайтыны ерекше алаңдаушылық туғызады. Соңғы үш жылда маскүнемдік пен нашакорлық диагнозына байланысты әскери қызметке шақырудан босатылған азаматтар саны артты.

Қазіргі кездегі қоғам үшін маңызды мәселе болып табылатын әскери-патриоттық тәрбие туралы қазақстандық ғалымдар (С.С.Тауланов, А.Н.Минжанов, Б.А.Тойлыбаев, У.К.Санабаев, С.Т.Иманбаева, С.К.Нұрмұқашева және т. б.) осы мәселені шешудің түрлі жолдарын өз зерттеулерінің негізінде ұсынуда. Олардың ішінде ең маңыздысы - С.Т.Иманбаеваның диссертациясы, онда патриоттық тәрбие теориясы мен практикасы мәселелері қарастырылған. Автор еліміздің мемлекеттік идеологиясына негізделген қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ерекше назар аударады. Автор өз еңбегінде «әскери тәрбие» терминінің арнайы анықтамасын келесідей мазмұнда ұсынады: әскери тәрбие - бұл жауынгерлердің, офицерлердің жоғары саяси сананы қалыптастыра отырып, өз отанына жанқиярлықпен берілгендік, міндеттерді адал орындау, адалдық пен қырағылық, жауынгерлік әрекеттерге дайындық, әскери қызметтегі табандылық пен батылдық және әскери-патриоттық тәрбиені жастар бойында қалыптастыратын тәрбие саласы ретінде қарастырады [1, 38].

Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу барысындағы қазақ халқының жауынгерлік дәстүрлерінің рөлі мен маңызы өте жоғары. Жауынгерлік дәстүрлер өскелең ұрпақ үшін жоғары моральдық-еріктікті, психологиялық және физикалық қасиеттерін қалыптастыратын әскери-патриоттық тәрбиенің органикалық бөлігі болып табылады. С. Қ. Нұрмұқашева атап өткендей, оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеуде «қазақ халқының мәдени-тарихи және батырлық мұрасы мен дәстүрін елемей мүмкін емес. Себебі, жастардың аға ұрпақтың лайықты мұрагері болуы үшін, батырларымыздың Отанды қорғау жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіріп отыруымыз қажет. Сол арқылы әрбір жас ұрпақ еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек екенін түсінуі керек.» [2, 11].

Өскелең ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру арқылы жастардың саналы сезімін, көзқарасын қалыптастыруға болады. Білім беру ошағында патриоттық тәрбие беру, Отанымыздың саналы да белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызуға бағыттайды. Патриоттық тәрбиенің танымдары – жастарды Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың үлгі боларлық мінездерін қалыптастыру болып табылады. Сондықтан жастардың дүние танымын, білімін, көзқарасын қалыптастыруда оқу орындары шешуші рөл атқарады.

Отансүйгіш жастарды тәрбиелеудің негізі білім ордасынан басталады. Жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру міндеті, олардың Отанды қорғауға ұдайы әзір болуы, моральдық-психологиялық жағынан даярлау – ол әрбір ұстаз, әрбір жетекші-басшы, әрбір әскер басылар тапсырмасында жаңғырып тұруы тиіс.

Әскери-патриоттық тәрбиеге арнайы қағидаларға негізделе отырып жүзеге асырылуы тиіс. Қ.Н.Меңлібаев «Жастарды патриоттық тәрбиелеудегі ұлттық дәстүрлердің рөлі (ҚР жастарын нақты-социологиялық зерттеу материалдары бойынша)» атты еңбегінде қазіргі жағдайда жалпы қазақстандық патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттары мен принциптері

ашып көрсете отырып, ұлттық дәстүрдің адамдарға әсер ету тетіктерін, сондай-ақ ұлттық спорт түрлерін дәстүр ретінде айқындайтын ерекшеліктерін ашып көрсетеді [3, 24]. Әскери-патриоттық тәрбиеге негіз болатын принциптер арасында мыналарды ерекше атап өтеді: ғылымилық; ізгілік; демократизм; тарихи, мәдени мұраның, оның рухани құндылықтары мен дәстүрлерінің басымдылығы; жүйелілік; олардың түрлі санат (категория) ерекшеліктерін есепке алып, жастардың дамуындағы үздіксіздік пен сабақтастық; тәрбие тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын құралдар мен әдістердің, үлгілердің сан алуандылығы; жеке көзқарас негізінде әр жеке басының сапалары мен қабілеттерін, мүмкіндіктерді дамытуға оның бағыттылығы; тәрбиенің басқа да түрлерімен тығыз және ажырамас байланыс және т.б.

Әскери өнердің жинақталған тәжірибесі, даналығы және қазақ халқының патриотизмінің басқа да үздік белгілері барынша айқын көрініс тапқан қазақ халқының жауынгерлік дәстүрлерінің мәні оның әртүрлі функцияларында көрінеді. Жеке тұлғаның нақты шындығына әсер ету әдістеріне сәйкес, тәрбиелік, дамыту, реттеуші, идеологиялық функцияларды ажыратуға болады. Мысалы, Қазақ халқының жауынгерлік дәстүрлерінің тәрбиелік функциясы жастардың моральдық-еріктік және физикалық қасиеттерін қалыптастырудың нәтижесі болып табылады. Жауынгерлік дәстүрлердің үздік үлгілері, халық батырларының жеке үлгісі ерік-жігерді тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, оның негізгі қасиеттеріне мақсаттылық, батылдық жатады. Жауынгерлік дәстүрлердің идеялық бағыты Отанға деген сенімділікті, шексіз берілгендікті, Отан тағдыры үшін жеке жауапкершілікті және оның мүдделерін қорғауға, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайындықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Жауынгерлік дәстүрлердің дамыту функциясы қабылдау, қиял, ойлау сияқты танымдық процестердің дамуында көрініс табады. Жауынгерлік дәстүрлер төзімділікті, ептілікті, күш пен жылдамдықты дамытуда, жүгіруде, секіруде, лақтыруда, атқа мінуде және т.б. практикалық дағдыларды игеруде үлкен маңызға ие.

Жоғары сынып оқушыларына әскери патриоттық тәрбие берудегі жауынгерлік дәстүрлердің реттеуші функциясы әскери істің мазмұнына, шығармашылыққа, әскери спорт ойындарына негізделген сенімдерде, көзқарастарда көрінеді. Жауынгерлік дәстүрлер жеке тұлғаның әскери қызметке деген қарым-қатынасында, ең алдымен жастардың тәртіптілігінде көрінеді.

Идеологиялық функция жеке тұлғаның негізгі қасиеттерінен көрінеді: әскери қолдың мақсаттары, мінез-құлқы, қажеттіліктері, мүдделері мен дүниетанымы. Идеологиялық функцияның арқасында жауынгерлік дәстүрлер Отан алдындағы көзқарастарды, сенімдерді, борыш сезімін, қазақстандық патриотизмді, ар-намыс пен қадір-қасиетті, Отанды қорғау үшін жеке жауапкершілікті, жоғары қырағылықты қалыптастыруға, батырлық патриоттық қызметті жандандыруға ықпал етеді.

Ойымызды қорыта келгенде, тұлғаның идеялық-саяси, моральдық-еріктік, психологиялық, физикалық қасиеттерін қалыптастыруда жетекші рөл әскери-патриоттық тәрбиенің ажырамас бөлігін құрайтын және өскелең ұрпақты азаматтық борыш пен егемен мемлекеттің мүдделерін қорғау жөніндегі конституциялық міндеттерді орындауға даярлаудың жетекші құралдарының бірі болып табылатын қазақ халқының жауынгерлік дәстүрлеріне тиесілі екендігін тұжырымдауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Иманбаева С.Т. Боевые традиции казахского народа как средство военно-патриотического воспитания молодежи // Автореферат дисс.... докт. пед. наук. - Караганда, 1995. - 30 с.
2. Нурмукашева С.К. Развитие военно-патриотического воспитания старшеклассников в школах Казахстана/1960-1965гг./ Автореферат дисс.... канд. пед. наук. - Алматы, 1993. - 32 с.
3. Менлибаев К.Н. Роль национальных традиций в патриотическом воспитании молодежи (по материалам конкретно-социологических исследований молодежи РК): Автореферат дисс.... канд. фил. наук. - Караганда, 1995. - 210 с.